

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№27 (10 282)

11 шілде

жұма

2025 жыл

aksuoniri@mail.ru

АҚОРДА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ



үнемде – болашақты сақта!» атты ауқымды жобаға қатысты. Өскеген ұрпақ судың құндылығын білуі керек, оны ысырап етпеу туралы жағдайынан түсініп өсуі қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, су қауіпсіздігі Қазақстанның орнықты дамуына әсер ететін негізгі мәселеге айналды.

– Біз осы себепті су дипломатиясын күшейтуді қолға алуымыз керек. Аталған аса маңызды іске кадрларды даярлап, іріктеуіміз қажет. Ең алдымен, трансшекаралық өзендер бассейніндегі суды тиімді пайдалану жүйесін жолға қою үшін көршілес мемлекеттермен ықпалдастыққа мән берген жөн. Қазақстан су ресурстарын рационалды, әділ әрі тең құқылы негізде пайдалану қажет деген ұстанымды жақтайды. Сондай-ақ су қауіпсіздігі мен тұтас аймақтың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында өзара міндеттемелерді сақтаған дұрыс. Көршілес елдермен конструктивті диалог және тараптардың мүддесіне сай ынтымақтастық жалғасады деп үміттенеміз. Қазақстан Орталық Азия елдерінің су-энергетика консорциумын құру бастамасын дәйекті түрде ілгерілетіп келеді. Өңір елдерімен тығыз ықпалдастықтың арқасында былтыр диқандарымызға қажетті су толық жеткізілді. Биыл да осындай жұмыс атқарылуға тиіс. Өлемде суға сұраныс деңгейі 2040 жылға қарай 40 пайызға артуы мүмкін. Мұндай жағдайда бүкіл халықаралық қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіру маңызды. Сондықтан Қазақстан су дағдарысын еңсеруді көздейтін көпжақты бастамаларға белсенді қатысады. Былтыр Сауд Арабиясында өткен арнаулы саммитте су проблематикасын шешудің негізгі тәсілдерімен бөлістім. Келесі жылы елімізде БҰҰ аясындағы Өңірлік экология саммитін өткізу жоспарланып отыр. Осы тектес қадамдар еліміздің су қауіпсіздігін нығайтуға септігін тигізеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзін қорытындылай келе, су ресурстарын дамытуға үлес қосып келе жатқан сала қызметкерлеріне алғыс айтты.

– Су экономикаға, экологияға, халықтың денсаулығына, жалпы, барлық салаға ерекше ықпал етеді. Сондықтан судың таза әрі қолжетімді болуы өте маңызды. Елімізде Кіші Аралды құтқару үшін жылдар бойы ауқымды жұмыс атқарылып келеді. Соның арқасында қашқан теңіз қайта оралып, айдыны суға толып жатыр. Каспий теңізін, Балқаш көлін, басқа да су көздерін сақтап қалу үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Су, дұрыс пайдалана білсең – құт, ысырап етсең – жұт. Былтыр Қазақстанның бірнеше аймағы қарғын судан қатты зардап шекті. Мұндай жойқын табиғи апат елімізде бұрын-соңды болмаған. Күрделі кезеңде сіздер қайсарлық пен кәсібиліктің озық үлгісін көрсеттіңіздер. Өр қызметкер күні-түні еңбек етіп, апат салдарын жоюға белсене атсалысты. Мен баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты іс-шарада Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның су шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наарадамен марапаттады.

Былтыр «Қазақстанның су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы бекітілді. Бүгін осы атақ бірқатар ардагерге берілді.



Президент су шаруашылығы қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, су – бүкіл тіршіліктің көзі, әлемдегі барлық ел үшін аса маңызды стратегиялық ресурс екенін айтты.

– Біздің кең байтақ жеріміз бар. Алайда ел аумағының жартысынан көбі шөл және шөлейт жерлер. Сондықтан Қазақстан үшін су мәселесі ұлттық қауіпсіздік мәселесі десек, артық болмайды. Бұл сала әрдайым мемлекеттің айрықша назарында. 2023 жылы халыққа Жолдауымда мен суды тиімді пайдалану жайына ерекше тоқталдым. Елімізде Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Нақты міндеттер айқындалып, ауқымды реформалар қолға алынды. Жаңа Су кодексі қабылданды. Ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Су нысандарын салуға және қалпына келтіруге қомақты қаражат бөлінді. Шетелден инвестиция тартылуда. Қазір осы салада 30 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Олар қала мен ауылды, өндірістер мен егіс алқаптарын сумен қамтамасыз етуде, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент су саласында мықты мамандар әлі де жетіспейтінін атап өтті.

– Былтыр Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті құрылды. Осы мамандыққа бөлінетін грант саны екі есе артты. 500-ден астам студент бюджет қаржысына білім алып жатыр. Олар оқуын аяқтаған соң «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында жұмыс істей алады. Сондай-ақ 120 қызметкер Қытайда тәжірибе алмасып, қосымша білім алуда. Су шаруашылығы мамандарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса мән берілуде. Былтыр олардың жалақысы 25 пайызға өсті. Биыл да көбейеді. Бір сөзбен айтсақ, жүйелі жұмыс істеліп жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету айрықша маңызды міндет екеніне тоқталып, соңғы жылдары осы бағытта нақты шаралар қабылданғанын жеткізді.

– Қала халқының және ауыл тұрғындарының көпшілігі таза ауыз сумен қамтамасыз етілді. Енді алдымызда тұрған шұғыл міндет – 500-ге жуық ауылға су беру жұмысы. Өсіресе, ауыз суды тазалау мәселесін шешу қажет. Халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп тегін айтпаған, әр тамшы судың қадірін білген. Суды тиімді пайдалану – өте өзекті мәселе. Заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» повесінде судың қасиеті, құдықшының еңбегі туралы терең ойлар айтылады. Қазір елімізде суды үнемдеу тарифі іске қосылды, яғни «аз пайдалансаң, аз төлейсің» деген қағида енгізілді. Сонымен қатар мемлекет су үнемдеу технологиясын қолданатын шаруаларға белсенді қолдау көрсетуде, атап айтқанда, жұмсаған қаржысының 80 пайызына дейін өтейтін болды. Бүгінде 470 мың гектар жерде осындай озық технология іске қосылды. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасады. Себебі, су үнемдеу – алдымызда тұрған аса маңызды стратегиялық міндет. Бұл мәселеге қатысты цифрландыру жұмысын жүргізу өте өзекті. Оны қарқынды түрде жүзеге асыру керек. Шындығын айтсақ, қазіргі жағдай жалпы мәз емес. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында суды үнемдеу мәдениеті жан-жақты дәріптеліп жатыр. Еліміздегі 2 миллионнан астам оқушы «Суды

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

БАС ПРОКУРОР БЕРІК АСЫЛОВ ЖЕТІСУ ЖҰРТШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Бүгін ҚР Бас прокуроры Берік Асыллов Талдықорғандағы Салтанат сарайында өңір тұрғындарымен және құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесу өткізді. Кездесуге қоғам қайраткерлері, үкіметтік емес ұйым мүшелері, белсенді жастар да қатысты. Жиынды Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев жүргізді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Алдымен сөз алған бас прокурор Берік Асыллов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасының мән-маңызына тоқталып, оны іске асыру тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның жұмысы болуы тиіс екенін атап айтты.

- Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен елімізде ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Олар «Заң мен Тәртіп» қағидатына негізделген. Құқық қорғау органдары халыққа қызмет етуге бағытталған сервистік модельге көшті. Қылмыстық саясат өзгерді, тек жазалау емес, профилактикалық принцип күшейді. Оның тиімді жұмсалуды прокуратураның басты назарында. Сондықтан күш-жігеріміз мемлекетке келтірілген залалды қайтаруға жұмсалуда. Әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ететін шаралар өз жалғасын табатын болады, - деді Б. Асыллов.

Жиында алдыңғы аға буынның атынан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт ардагерлер қауымы құқықтық тәртіпті нығайтуда, жас ұрпаққа тәрбие беруде, қоғамдық тыныштықты сақтауда өздерінің өмірлік тәжірибесіне сүйеніп, үлес қосатындығын айтты.

Сол сияқты «Шоғырландырылған тау-кен құрылыс компаниясы» ЖШС-нің директоры Кенжетай Мангулов мемлекет тарапынан инвесторларға көрсетіліп отырған қолдау шаралары, серіктестіктің іске асырып жатқан ауқымды жобасы жайлы қысқаша баяндап берді. Өз кезегінде «Тамшыбұлақ» қоғамдық бірлестігінің басшысы Жанат Төлемісова үкіметтік емес ұйым ретінде әлеуметтік мәселелерді шешуде және азаматтық бастамаларды жандандырудағы тәжірибесімен бөлісті.

Ал «Жетісу жастары» КММ директоры Шамиль Ванкеев қоғамдағы заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілетудегі жастардың үлесіне тоқталды:

- «Жетісу жастары» мекемесі облыстық прокуратурамен бірлесіп ауқымды жобаларды жүзеге асырып отыр. Ол ең алдымен NEET санатындағы жастармен жұмыс жүргізуге қатысты. Бұл ретте облыстық прокуратураның бастамасы-



мен біз «Карьера» орталығын аштық. Орталық жастарды жұмыспен қамтуға ықпал етіп, оларға бағыт-бағдар беріп, қажет болса олардың өз кәсібін ашуға да мүмкіндік береді. Бұған қоса «Qosyl Fest» жобасын бастап отырмыз. Бұл сырттай қарағанда концерт форматында ғана көрінуі мүмкін, бірақ бұл фестиваль-де жастар мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттар алады, жергілікті әкіммен, прокурормен, басқа да лауазымды адамдармен кездесіп, еркін әңгімелеседі, өз жобаларын ұсынуға мүмкіндік алады, дәріс тыңдап, круиз ойындар ойнайды. Осы «Qosyl Fest» жобасын Жетісу облысында ғана емес, бүкіл республика көлемінде кеңейту туралы ұсынысымды айтқым келеді. Бұл жастардың қызығушылығын арттыратыны сөзсіз, - деді Шамиль Ванкеев. Атап өтсек, облыстағы мұндай фестиваль алғаш рет Қаратал ауданы Үштөбе қаласында өткізілді.

Жиын соңында өңір басшысы Бейбіт Исабаев облыс әкімдігі құқық қорғау органдарымен, оның ішінде прокуратурамен бірлесіп өңірлік бағдарламаларды іске асырып келе жатқанын айтты. Соның ішінде облыста қолға алынған менторлық жобаның маңызы елеулі. Мәселен, қазіргі таңда облыс бойынша 126 ментор жұмыс істейді, нәтижесінде мектеп оқушылар арасында құқық бұзушылық, әсіресе Талдықорған қаласы мен Панфилов ауданында 4 есеге төмендеген. Оған қоса облыс жолдарында қылмыс деңгейінің төмендеуіне ықпал ететін бейнекамералар орнату, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмыспен қамту үшін жыл сайын жұмыс орындарына квота белгілеу, өңірдің шалғай елді мекендерінде азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетінің деңгейін арттыру үшін құқықтық кабинеттері ашу бағытындағы шаралар да тілге тиек етілді.

- Біз әрбір азамат үшін қауіпсіз және әділ қоғам құрудағы бастамаларды барлық деңгейде енгізу бағытында белсенді жұмыс істейтін боламыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы алғаш рет өткен құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа отырысында заң мен тәртіп аясында нақты тапсырмалар берді. Сол тапсырмаларды біз өз тарапымыздан орындауға бар күш-жігерімізді жұмсаймыз, - деді Б. Исабаев жиын қорытындысында.

Еске салсақ, бүгін Текелі қаласының Рудничный ауылында елге қайтарылған заңсыз активтер есебінен жаңа мектептің іргесі қаланып, уақыт капсуласы салынған болатын.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотосуреттерді түсірген: Жеңіс ЫСҚАБАЙ, Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Ішкі істер министрлігі «Заң мен тәртіп» жаңа цифрлық сервисті іске қосты

Egov Mobile қосымшасында «Заң мен Тәртіп» деген жеке батырма пайда болды.

Оны басқан сәтте полицияға шағым жолдау терезесі ашылады.

Енді кез келген құқық бұзушылық, тұрмыстық зорлық-зомбылық, жол - көлік оқиғасы, балаға қатысты оқыс оқиға немесе қоғамдық тәртіптің бұзылуы жөнінде бір ғана батырманы басу арқылы - қоңыраусыз және полиция бөліміне бармай - ақ хабарлауға болады.

Полиция хабарламаны жедел қабылдап, бірден әрекет етеді.



Министерство внутренних дел запустило новый цифровой сервис «Закон и Порядок». В приложении Egov Mobile появилась отдельная иконка — «Закон и Порядок». Нажимаешь и сразу попадаешь на форму для обращения в полицию. Теперь любой сигнал о правонарушении, бытовом насилии, ДТП, происшествии с ребёнком или другом нарушении общественного порядка можно отправить в один клик - без звонков и без визита в отдел полиции.

Полиция получает сообщение мгновенно и сразу начинает реагировать.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 2025 ЖЫЛДЫҢ ҮШІНШІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КЕДЕЙШІЛІК ШЕГІ

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауда кедейшілік шегі облыс бойынша белгіленген күнкөріс деңгейінің 70 пайызы мөлшерінде анықталады.

2025 жылдың 3 тоқсанына кедейшілік шегінің мөлшері 38257 теңгені (54653 x 70%) мөлшерінде анықталды.

2025 жылдың 3 тоқсанына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау кезінде осы көрсеткіштер негізге ала отырып, есептелінетінін хабарлаймыз.

Қ.БЕКБАЛАНОВ,
ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

Үй жағдайындағы Fast - Food



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ



Шындығын айту керек, қазір барлық адамдар, мейлі ол балалар болсын, үлкендер болсын «жылдам дайындалатын» тағамдарды жақсы көреді. Мұндай фаст - фуд хош иіспен, дәммен, өте үйлесімді өнімдердің жарасуымен адамды өзіне тартады. Бірақ, гамбургер, бутерброд, пиццаларды жеп болғаннан кейін, олардың құрамына кіретін майлардың, қанттардың және консерванттардың көп болуына байланысты асқаған ауырлық әкелуі мүмкін. Ал, үйден сондай дәмді, бірақ денсаулыққа әлдеқайда пайдалы болатын ұқсас тағамдарды қосып жасауға болатынын бәрі біле бермейді. Тек сапалы өнімдер мен үйдегі фаст - фудтың дұрыс дайындалу жолын таңдау керек.

Бүгінгі күні жылдам тамақтану орындары ауданымызда көптеп ашылған. Орталық саябақ маңындағы арбаттардың бойы мен орталық базардың маңында мұндай орындар жетерлік. Осындай тамақтану орындарын ашу үшін алдымен ауданда сұраныс көбірек болуы керек. Ал, сұраныс дегеніміз - жақсы пайда табудың алғашқы жолы. Міне, осы кәсіпті нәсіп еткен ауыл тұрғынының бірі - Оспанова Гүлмира Ыбырайымқызы.

Бұл кәсіпкер әпкеміз өткен жылы «Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде 2024 жылдың маусым айында, еңбекке жарамды I топ мүгедегі ретінде, жаңа бизнес - идеяларды іске асыру үшін 400 АЕК - 1 572 800 теңге мемлекеттік грантты ұтып алған.

Ендеше, әңгімені Гүлмира әпкемізбен таныстығымыздан бастайын. Гүлмира Ыбырайымқызы Ақсу ауданы әкімінің штаттан тыс кеңесшісі болып, аудандық «Аманат» партиясы, қоғамдық кеңес, БАҚ өкілдерінен арнайы бақылау тобын құрып, аудандағы қоғамдық орындар, мекемелер, асханалар, дүкендер, аурухана, т.б. орындардағы пандустардың дұрыс деңгейде болуын қадағалайтын. Сол топтың мен де бір мүшесімін. Гүлмира әпкеміз өзінің мүгедектер арбасымен пандустарға шығып көріп, оның ыңғайлылығын, басқа мүгедектер келгенде олардың кіріп - шығуына қолайлы болуын тексереді. Әпкеміздің өзі I топтағы мүгедек. Негізгі мүгедек деген сөздің өзі жаман естіліп, адамға ауыр тиетінін білеміз әрине. Ал, Гүлмира Оспанова бұл мүгедектер арбасына қалай отырды содан бастайық. Жас кезінде шапқылап жүрген әпкеміз 2016 жылы сол жағынан инсульт алып, төсек тартып жатып қалады. Оған дейін де жоғарыда айтқан қолөнер, аспаздық әпкеміздің бойында бар еді. Ауылдағы той - томалаққа, ағайын - туыс арасындағы бас қосуларда дәмді, жылдам дайындала-

тын тағамдар жасап жүретін. Аяқ астынан төсекке алып ұрған сырқат отбасына ауыр тиді. Сол кезде қызы Ләззат 11 сыныпты бітірген болатын. Анасына қарайлап бір жыл оқуға да бара алмай қалады. Қызының болашағын ойлаған анасы оған оқу оқуы керектігін айтып босатады. Алайда ақылды қыз өзінің дос - құрбысын анасына қарайлауға орнына тастап кетеді. Сөйтіп, Ләззаттың құрбысы Сейілхан Гүлбақыт өзінің анасына да аса мейіріммен әпкеміздің денсаулығына қарайласып, массаждарын жасап, ақырындап орнынан тұрғызады.

Осы арада отағасы Құтым Дәулетқали ағамыздың еңбегін айтпай кетуге болмайды. Дәулетқали ағамыз барлық жұмыстарын қоя тұрып, әпкемізбен бірге күліп, бірге қиналып, бар ауыртпалықты көтеріп шықты. Ағамыздың айтуынша әпкеміз қанша ауырып жүрсе де үйден қонақ үзілмейтін, келген қонақтарды қуана қарсы алып, күліп шығарып салатын нағыз адал жар екен. Осындай жанның қалай асты - үстіне түспеуге болады, - дейді отағасы. Әйтпесе, қазіргі таңда ауырып қалған жарын тастап кететін еркектерді де, әйелдерді де көріп, естіп жатырмыз ғой.

Енді әңгімемізді бизнестің бастауына ауыстырайық. Осы кезде күнделікті қасында болып, қолғабыс етіп жүрген Гүлмира әпкеміздің дос - құрбысы, Нұсипова Света апаымыз өзінің қолынан келетін іс емес пе, өзіңе алданыш болады, қасында бес аспабты көмекші қызың бар, екеуің осы жылдам дайындалатын тағамдар жасауды қолға алындар, мен көмектесіп, дайын өнімдерді өткізіп беруге тырысайын деп кеңес береді.

Гүлмира әпке алдымен фасд - фудтың қай түрі өзін қызықтыратынын шешіп, алдымен самсадан бастайды. Кейін келе кішкентай хот - дог, сендвичтар қосылады. Бұл 2020 жылдар болатын. Ол кезде бірақ жұмыс ауырып болды. Нанды қолмен илейтін. Оның үстіне бір қолы мен аяқтары қозғалмай қалған. Сонда да оң қолымен нан илеп, көмекші қызға үйретіп, отбасының көмектесуімен жұмысты тоқтатпай жүргізе береді. Тіпті нан пісіретін (духовка) пеші де үйдегі пайдаланып жүрген кішігірім аспап. Бір илеген наннан 48 тал сендвич шықса оны пісіру үшін де 3 - 4 сағат уақыт кететін.

Ондай пешпен жылдам, қарқынды тамақ пісіруге әрдайым уақыт бола бермейді. Ал, дәмді тағамдар - бұл мыңдаған адамдарға ортақ қажеттілік екенін түсінеді. Сөйтіп, жұмыс өнімді болу үшін өнімді құралдар алу керек болды. Бір рет қайтарымсыз грант алуға тырысып, байқап көріп, ұта алмай қалады. Өткен жылы ғана жоғарыда айтқанымыздай 1 476 000 теңге қайтарымсыз грантты ұтып алып, арманы орындалады.

Бұған бірден - бір септігін тигізген мемлекет басшысы

Қасым - Жомарт Тоқаевтың «Жұмысшы мамандықтар жылы» белгілеуі.

Бірден 4 ярусты үлкен пеш, нан илейтін аппарат, тоңазытқыш, мұздатқыш және қажетті құрал - жабдықтар, оның ішінде үстел, тақтайлар, ыдыс - аяқтар т.б. сатып алады. Енді бұрынғыдай нанды қолмен илемейді. Нан илейтін аппарат қажетті қоспаларын қосып, бір нүктені басса бір демде 7 келі дайын нанды илеп бере салады. Бұрынғыдай кішкентай пештің алдында 3 - 4 сағат мөліп отырмайды. Жаңағы айтқан 48 тал сендвич бір мезгілде, біркелкі болып пісіп шығады. Бұл уақытқа да, электр тоғына да үнемді болады.

Сөйтіп, қазір Гүлмира әпкеміз «Үй жағдайындағы Fast - Food» дейіндейтін «Гүлмира» атты жеке кәсіпкерлігін ары қарай дамытып, бүгінде «Пицца», «Бургер», «Сендвич» «Ход - дог», «Самса», әр түрлі тоқаштар мен торт, пирог пісіріп жатыр. Дайын өнімдерді аудан орталығындағы дүкендерге, асханаларға өткізіп, кейде той иелерінен де тапсырыстар қабылдап жүр.

Сонымен бірге екінші жұмысы «Мүгедектер қоғамын» да жүргізіп, бізді ертіп алып, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне берілген «Инвасикамиен» ауылдарды аралап кетеміз. Ол жұмыстар да шетінен нәтижесін беріп келеді.

Мен барғанда ашыған нанды домалақтап кесіп, 20 - 25 см - дей етіп дөңгелектеп жайып, сендвич пісіргелі жатыр екен.

— Сендвич дегеннің ішінде бірдеңелер болмайды ма? - десем.

— Әрине, ол былай жасалды деп, дөңгелектеп жайған нанның бетіне май жағып екіге бүктеп, оның үстіне қайтадан май жағып, тағы бір бүктеп еді үш бұрыш болып шықты. Енді осыны пісіріп, суыған соң, мына ауыздарды ашып, ішіне салатын заттарын саламын деді.

— Ол салатын заттарды қазір шикі кезінде салмайды ма? - деген сұрағыма күліп, - оның барлығы каша болып, езіліп пісіп кетпейді ме деп жауап берді әпкем. Мынауың бірақ маманның емес, еркектің сұрағы болды - деді.

Мен де күлдіріп, әдейі айтқанымды білдіріп, - Ащы еңбектің төтті тағамдарының енді нәтижесі қандай? Пайда бар ма? - дедім.

— Шындығын айту керек, «Донер» пісірмедім. Ол да қолдан келеді. Бірақ шығыны көп, Қымбатырақ сатсаң ешкім алмайды, арзандатып сатсаң өзін - өзі ақтамайды. Ал, қалғанынан еңбегінің жемісін көріп жатырмын, бұйырса - деді.

Иә, «Жұмысшы мамандықтар жылында» нағыз жұмысшы мамандығын көрсетіп келе жатқан әпкеміздің жұмысына ары қарай да сәттілік тіледік.

Ербол СЫМХАНОВ.

● І.ЖАНСҮГІРОВТЫҢ "ДАЛА" ДАСТАНЫНА - 95 ЖЫЛ!

ЖҮРЕГІМ ЖЫРЫМ СЕНІКІ, КЕҢІСТІ ДАЛАМ, КЕҢ ДАЛАМ

Қазақ әдебиеті тарихында поэма жанрының өзіндік тарихи даму жолы, уақыт жасаған беталысы, көтерген тарихи жүгі бар. Бүгінгі әдебиет өзінің қайнар бастауын ауыз әдебиетінен алады десек, поэма жанрының тегін де халық әдебиетінен іздейміз. Олай деуге толық негіз бар екендігін поэма жанрының ауыз әдебиетіндегі батырлық, ғашықтық, тарихи жырлармен өзектес, ұқсастығы айғақтайды. Ал поэманың өзіне тоқталар болсақ, ғалым Ө.Күмісбаев былай деп анықтама береді: поэма - оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде келетін көлемді шығарма. Сюжетті оқиға желісін ширақ өрістетіп, кейіпкерлердің іс - әрекетін бейнелеуге негізделеді, ал сюжетсіз поэмада лирикалық сарын басым болады, көлемі жағынан шағындау келеді. Бүгінде қазақ әдебиетінде поэма әбден қалыптасып, жан-жақты дамыған жанр. Біз тоқталғалы отырған І.Жансүгіров поэмалары оқиғалы, бейнелі, тарихи тағылымды.

І.Жансүгіров шығармашылығындағы поэма жанрының орны ерекше болса, эпикалық туындыларының идеялық мазмұны терең, көркемдік қуаты жоғары екендігін де зерттеушілердің көбі жазып та, атап та жүр. Академик Т.С.Сыдықовтың «...әділет үшін мойындаған жөн, «жер танабын қуырған» ақын шығармашылығының Хан тәңірі - оның поэмалары» - деген пайымды пікірі І.Жансүгіровтің бағындырған биігін көрсетеді.

Ескіше хат танып, атасы Берсүгірдің етегіне жабысып жүріп, талай тәлсім әңгімелер мен аңыздарға қаныққан сана іштей тынып қалмады, өлең болып есті, дастан болып жазылды. Бала Ілияс пен дана Ілияс аралығына көз жіберсек, өсу мен өркендеуден тұратын поэзияны анық көреміз. Далаңның баласы «Даланы» жырламай, қайтсын. Оның үстіне «І.Жансүгіровтің ұзын сарынды эпикалық поэмалары қазақ тарихындағы елеулі кезеңдерді, ел басындағы қуаныш пен ауыр күндерді, ... жырлауға арналғандығын» М.Иманғазинөз зерделеген. Ендеше, «Бүгінгі дала», «Жаңа дала» өлеңдерінің жалғасы іспеттес, «Ен далам -анам, мен балаң» деген сүйіспеншіліктен туған тарихи туынды Дала поэмасының көтерген жүгі де салмақты. Үш ғасырды қамтыған, тағдыры тәлкекке түскен, талай зобалаңды бастан кешкен, қазақтың тарихын жырға арқау ету паталдай азаматтың қасиетті борышы екендігін сезінсе керек, санадан туған шежіре бастауы «тарих шалды» басты образға айналдырып, поэманың өзгегімен өріле қазақтың өткені баяндалады. Поэманың құндылығы тұла бойыншы шынайылықпен астаып жатқандығында.

Алатаудың күнгейі мен теріскейін жарыса қоныстанған қазақ-қырғыз баласы да «қырғыз - қазақ бір туған» деген тіркесті жоққа шығара бір-біріне найза сілтеп, қылыш сермегенін де «Даладағы» шежіре шал мойындайды, мойындап қана қоймай, жауыздықтан жүрегі жылайды, иегі кемсеңдейді. Себебі ұлы жиында бас қосқан, дастарханнан дәм татқан қырғыздың босағасында күңіренген, жылаған, кесік құлақ құлдың да шыққан тегі қазақ. Тарих таразысына салсақ, бұл әділдікке жатпайды, бірақ шындық Ілияс бүкпесіз тарихты таразылаған.

... Аты қазақ заты құл Екеуі шал, төрт бала. Күніреністі, жыласты, Жыласқанда кіміне Жетім, жесір мұң ашты?

Бұл шын мәнінде ерікті елде туып, көрікті ғұмыр кешуге тиіс халықтың «құл көгеніне»

таңылған, оның үстіне біртуған ағайын санаған, іргелес жатқан, бауырлас халықтың босағасындағы ұрпағы еді.

Қазақты жау шапса өрістегі малынан, босағасындағы қалыңы мен шолпысы сылдырлаған бойжеткенінен көз жазып қалатынына бойлары үйренгенімен, өзіне мекен, малына өріс болған дархан дала төсінен қуылатыны үш ұйықтаса түсіне кірмегенді. Бірақ уақыт дегенін істетті, ауып келген мұжық, астындағы атын аударып алмаса да, шұрайлы жерді, көкорай белді тартып алды, қазығын қақты, қазақтың көзі үйренбеген тамын соқты.

Кең жапанды басты зіл. Жерді шенеп, қазықтап, Жер сауырын, қонысты Өңшең шұрай, жазықты ап, Кесіп кетті землемер.

Атадан балаға мирас саналған ұлтарактай жерді жау қолына беру, қазаққа жат қылық. Сондықтан есіктен кіріп, төр іздеген мұжыққа жұдырық көтерді, «бірін-бірі бауыздап, жала-пөле қаптады, адвокат пен арызды ап дуандарға шабысты». Мекенінен айырылған жұрттың көкейіне «Асанқайғының» арманы оралды. І.Жансүгіровтің поэмасында осы бір тарихи құбылыс бүкпесіз берілгенін еріксіз мойындаймыз.

Тарихта «ұлт азаттық көтеріліс» көтеріліс атанып кеткен 1916 жылдан бастау алатын қозғалысты Ілияс атамыздың бүкпесіз баяндауы заңды, себебі ақын сол дәуірдің жастарының қатарында. «Алалды екен баланы, айдайды екен соғысқа» деген дақпыртты құлағы шалған, «бере алмаймыз баланы» деп заржылаған ананы көзі көргендердің қатарында. Дала поэмасындағы ескерге баласын жібермеудің қамы, баласының жасын кішірейтіп, босағадағы жалшысының бұғанасы қатпаған бозбаласын тізімге тіркеген болыс пен озырлыққа тәзімі жетпей болысты тірідей бауыздаған, зеңбірек пен пулеметтен атылған оққа кеудесін тосқан жұрттың, ауып қашқан халықтың сол кезеңдегі көрінісін тарих қана емес сол кезеңдегі туған көркем туындылар да айғақтайды. Ел басына күн туған шақта халықтың ортасында жүрген С.Сейфуллин «Бәрінің өңдері қашқан. Үріккен. Үрей ұшқан. Айтқан сөзге түсінбейді. Сөзді тындамайды» деп, келген хабардың халыққа қаншалықты ауыр тигенін баяндаса, «Солдатқа кез болған ел тұғалы көрмеген жәбірін көрді. Атылған адам... қып-қызыл дүре. Жәбір - зорлық көрген қыз қатын, қара пөле тигендей болды» деп сол бір зобалаңнан деректі хабар береді.

Дала поэмасына арқау болған ақтар мен қызылдар арасындағы айқас, қазақтың көкірегіне жылт етіп үміт отын жаққан «Алаш автономиясы», жығылғанға жұдырық болған Атаман ойнағы, қай жақтың сойылын соғарын білмей тығырыққа тірелген елдің келбеті, байдың есігін сығалап күн көрген кедей-кепшіктің бас көтеріп, есесін қайтарғаны бүкпесіз шындық, боямасыз тарих. І.Жансүгіровтың айтпағаны Ленин көсем болғалы қазақтың басына түскен көлеңке, бірақ бұл бұған дейінгі қорлықтан қарағанда ауызға алуға тұрмайтыны да рас. Оның үстіне І.Жансүгіровтің «Дала» сол кезеңнің туындысы, көзі ашық көкірегі ояу зиялылар ұлт бақытын Кеңестік империядан іздегені тағы бар.

Қоғам өз заманының қақпаны. Өкініштісі, Ілиястың Кеңестік саясаттың құрбаны болғандығында, айтпегенде Дала поэмасының жалғасы болары хақ еді.

Аида ҚҰНАНБАЙҚЫЗЫ,
І.Жансүгіров әдеби
музейінің аға ғылыми
қызметкері.

АСТАНА – ЕЛІМІЗДІН ЖҮРЕГІ



6-шілде Астана күні

Ақсу ауданының орталығы І.Жансүгіров ауылындағы орталық алаңда Астана күніне арналған мәдени көпшілік шара ұйымдастырылды.

Мерекелік кешті І.Жансүгіров ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы Сағит Жанғазыұлы ашып, аудан тұрғындары мен қонақтарын мерекемен құттықтады.

«Астана – халқымыздың береке-бірлігі мен болашағының символы. Елордамыздың абыройы асқақтап, тәуелсіз Қазақстанымыз дамып, гүлдене берсін! Баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, ынтымақ пен бірлік тілеймін», – деп өз жүрежарды тілегін жеткізді.

Мерекенің сәнін аудандық мәдениет үйінің өнерпаздарының орындауындағы әсем әндер мен мың бұралған билер аша түсті.

Концерттік бағдарламада өнер көрсеткен өнерпаздар көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Сонымен қатар, мерекеге орай ұйымдастырылған ұлттық ойындар, қызықты байқаулар мен балаларға арналған ойын - сауық бағдарламалары кештің шырайын кіргізді. Жеңімпаздарға арнайы естелік сыйлықтар табысталды.

Астана күні – халқымыздың жүрегінде Отанға деген мақтаныш сезімін ұялататын мерейлі мереке.

М.ШЫНДӘУЛЕТ,
өз тілшіміз.

ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ



«Егіз сәби үніндей іңгөлаған, Домбырамның әуенін тыңда балам», – деп ақын жырлағандай, бұл күн – ұлттық құндылықтарымызды ардақтап, терең тамырымызға ой жүгіртетін шуақ пен шаттыққа бөленген мереке. Қазаққа қиындықта сүйеу, қуанышта көңіл қанаты болған қара домбыраның қоңыр үні – қанымызда, бебеулеген сарыны – санамызда сақталған, ұлттық кодымызда таңбаланған. Сондықтан шанағынан шамырқанған күй төгілсе, елең етпейтініміз жоқ. Жоралы жұртымыздың қатпар - қатпар тарихынан, асу да асу кезеңінен сыр шерткен күй - толғау, сыңғырлы сұлу ән - әуен құлағымыздан кетпесін, халқымыздың қасиетті ұлттық аспабы – домбыра төрімізден түспесін!

Биыл жетінші рет салтанатпен аталып өтетін «Ұлттық домбыра күнінде» таңертең сағат 8:00 - ден орталық алаңға жиналған көпшілік аудан өнерпаздарының өнерін тамашалады.

Салтанатты шара әр ауылдан келген 200 - ден астам адамнан тұратын оркестр құрылып, Киелі домбыраның бейнесін салып тізіліп отырған өнерпаздар Құрманғазының күйі «Балбырауынды» бір мезетте орындады.

Осылай домбыра күмбірі баршамызды бірлікке, берекеге шақырғандай, қазақтың рухты тағы да биіктетті. Шын мәнінде, қазақтың қара домбырасы – ұлтымыздың бойтұмары ғой. Оның үні әрқайсымыздың жүрегімізге жақын. Өйткені, қазақ пен домбыра – бір - бірінен бөліп қарауға болмайтын егіз ұғым. Сондықтан халқымыз:

Екі ішектің бірін қатты,
Бірін сәл - сәл кем бұра.
Қазақ нағыз қазақ емес,
Нағыз қазақ домбыра - деп жатады. Ендеше, жұртымызбен бірге домбыра да мәңгі жасайды. Күй өнері азаттық рухын ұрпақтан ұрпаққа жалғастырады.

Айта кетейік, Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында 5000 домбырашы бір уақытта күй шертіп, Қазақстан рекордтар кітабына енді. Бұл – қазақ халқының ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігі мен бірлігінің жарқын көрінісі.

Иә, ұлттық Домбыра күні - ұлт рухын оятатын, ерекше мереке! Себебі, домбыра ұлттың үні, даланың тынысы, елдің жаны. Домбыра үнімен ұрпақ тәрбиеленіп, ел мен жерге деген сүйіспеншілік тереңдей түседі! Ұлттық өнеріміз ұлықтала берсін ағайын!

Гүлім ЕРКІНБЕКОВА.

ТАЗАЛЫҚ ЖИНАҒАННАН ЕМЕС, ШАШПАҒАННАН



ортамызды таза ұстасақ. Келешек ұрпаққа қалдырған ең үлкен байлығымыз бен бақытымыз сол болар еді!

Осы қоқыстардың барлығын ауылымыздағы қоғамдық жұмысшылар таң атпастан қолдарына қаптарын алып, тазалап жүргені. Кеше бойын, қоғамдық орындарды, арық жүйелерін, жүргіншілер жолағындағы шөптерді барлығын осы кісілердің еңбегімен тазалап жатырмыз.

Биыл 2000 түп ағаш отырғызылды. Оның ішінде 1000 түп қылқан жапырақты, 300 түп қайың, 200 түп ясин, 200 түп емен және 300 түп қарағаш.

Міне, олардың суын құйып, есіріп жатқан да осы қоғамдық жұмысшылар мен жасыл ел жасақшылары.

Ендеше, тазалық жинағаннан емес, шашпағаннан екенін ұмытпаңыздар.

Сағит ЖАНҒАЗЫҰЛЫ,
І.Жансүгіров ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы.

Құрметті І.Жансүгіров ауылының тұрғындары!



Ауылымыздың қоғамдық орындарында зиянкес жәндіктерге қарсы дезинфекциялау жұмыстары жүргізілді. Бұл – тұрғындардың денсаулығын сақтау және инфекциялық аурулардың алдын алу мақсатындағы жоспарлы шара.

Сақтық шаралары:
Дезинфекция жүргізілген аймақтарда келесі бірнеше күн ішінде:
• Балаларды ойнауға жібермеңіз;
• Жаңа өңделген шөпке отырғызыңыз, жанаспаңыз;
• Қолды жиі жуып, жеке гигиенаға мән беріңіз;
• Аталған аймақтарға 24 - 48 сағат ішінде барудан аулақ болыңыз;
Бұл ережелер Сіздің және жақындарыңыздың қауіпсіздігі үшін маңызды!

Қосымша ақпарат алу үшін ауыл әкімдігіне хабарласыңыз.
ОКРУГ ӘКІМДІГІ.



Көктем шыққалы бері осы уақытқа дейін "Таза Қазақстан" аясында ауылымызда тазалық жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Соған қарамастан ауылымыз әлі де қоқыстан тазармай жатыр. Оған себеп, кейбір тұрғынжай иесі үйінен шыққан қоқысты рұқсат етілген орынға апарып тастамайтыны адамды қынжылтады. Дәлірек айтсам көлікке тиелген қоқысты қараңғыда апарып ауылдан шығар шықпас жерге апарып төгіп кетеді.

Соңғы кездері «Базар Жаялық» (памперс) - деген бөле шықты. Бұл бөле күнде шірімей ұзақ жата береді, су тисе ісіп - кеуіп иттің басындай болады және жер әлемде төпете болып шашылып жатыр.

Осы жаялықтарды ана болған адам оған ұқыптылықпен қарап, айдалаға тастамай отқа жағып жіберсе жақсы болар еді. Ортақ пайдаланылатын орындарды, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-2 бабына сәйкес 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, бұл жағдай бір жыл ішінде қайталанса 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келетінін ескергеніміз жөн. Сол себепті әр адам «Тәртіпке бағынған - құл болмайды», - деген Бауыржан Момышұлы атамыздың өнегелі сөзін көкірегімізде сақтап, қоршаған

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етеді

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

- 1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

- 2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурс тарапынан ету болып табылады kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

- 3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

- 4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

- 5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінің ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдың біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет

елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданытын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған ба-сташы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Талғат ОМАРХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің аға прокуроры.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МAB) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзіңіз деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды



«Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисі таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке каби-

нет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинет-те» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық

бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру –соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;
- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;
- қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӘМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

Дарын ЖУЛУНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

● БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ?

МӘМС-ке қате төленген жарналар басқа айларға аударылмайды, тек қайтарып алуға болады. Ол үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-қа өтініш жазу керек. Өтініш бланкын msqory.kz сайтынан жүктеп алсаңыз болады.

Дайын өтінішті eotinish.kz порталы арқылы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ға жіберуге болады. Оған міндетті түрде төлемді растайтын құжаттарды тіркеу қажет. Өтінішті 15 жұмыс күні ішінде қарайды.

Одан бөлек, Жетісу облысындағы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалдарына жүгінуге болады.

• Талдықорған қаласы – Қарағайлы көшесі, 28.

• Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы – Балпық би көшесі, 122 А.

• Текелі қаласы – Тауелсіздік көшесі, 6/2.

• Көксу ауданы, Балпық би ауылы – Балпық би көшесі, 10 Б.

• Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы – Абылайхан көшесі, 22.

• Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы – Бұланов көшесі, 1.

МӘМС – КЕ ҚАТЕ НЕМЕСЕ АРТЫҚ ТӨЛЕНГЕН ЖАРНАЛАР МЕН АУДАРЫМДАРДЫ ҚАЛАЙ ҚАҰТАРУҒА БОЛАДЫ?



• Алакөл ауданы, Үшарал қаласы – С.Құсайын көшесі, 89.

• Сарқан ауданы, Сарқан қаласы – Абай көшесі, 62.

• Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы – Б. Момышұлы көшесі, 1.

• Панфилов ауданы, Жаркент қаласы – Розыбакиев көшесі, 18.

Медициналық көмек алу кезінде қосымша сұрақтар немесе мәселе туындаған жағдайда өз клиникасындағы Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама

қызметіне жүгіну қажет. Егер жағдайды сол жерде шешу мүмкін болмаса, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының келесі байланыс арналарының біріне өтініш қалдыра алады:

• Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы

• msqory.kz ресми сайты

• Telegram-дағы @SaqtandyrBot

Сондай-ақ Damumed, Halyk, BCC.KZ, Kaspi.kz, Freedom SuperApp, Bereke bank, Home Credit Bank мобильді қосымшалары МӘМС жүйесіндегі мәртебені тексеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, электронды үкіметтің egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында көрсетілетін медициналық қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі мәртебені тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат алуға болады.

«ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС - БАСТЫ МІНДЕТ



Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай - қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Иә, адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық заман мен бірге өсіп - өркендеген, небір тегеруінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайдан мол қаражат

пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтары болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы. Ол жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке, қауіп-қатер әкелетін індет. Сондай - ақ, сыбайлас жемқорлық әлеуметтік - экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру ин-

вестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Сондықтан да Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі - осы зұлымдықпен күресу болып отыр. Кез - келген азамат төтенше жағдайлар бөлім қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне қарсы Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің 8 (72832) 2-18-19 сенім телефонына хабарласа алатынын ескертеміз.

Елбасымыз атап айтқандай, «Сыбайлас жемқорлықпен күрес қылмыскерлерді жазау жөніндегі табанды шаралар ғана емес, бұл мемлекет пен қоғамның күнделікті жұмысының тұтас кешені». Сол себепті әрбір Қазақстан Республикасының азаматты сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге міндетті.

Д.КИРГАБАКОВ,
ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор.

АНА ТІЛІН ҚҰРМЕТТЕУ - ПАРЫЗЫМЫЗ!



Тілді өркендетіп, оған үлкен құрмет көрсету - барша адамзаттың парызы. Тіл - тек қарым - қатынас құралы ғана емес ұлтымыздың биік тұғыры. Ол қай елде, қай мемлекетте, қандай тіл болмасын әр елдің ана тілі өзіне құнды, қастерлі дүние екені хақ. Сондықтан әр халық өз тілінде мақтанып қана қоймай, оны дамытып жұмыс жасау керек.

Жер бетінде 6 мыңнан астам тіл бар деп есептеледі. Олардың арасында сөй лейтін адамдар жөнінен біздің ана тіліміз 70 - орында екен. Ал, тіл байлығы жөнінде үздік үштікте тұрғаны көрінеді. Ең бай тіл ретінде 12 млн. 300 мың сөзі бар араб тілі есептелсе, екінші 700 мың сөздік қорымен ағылшын тілі кіреді. Қазақ тілі 600 мың сөздік қорының көрсеткішімен әлемде 3-орында тұр.

Кейде ана тіл жайында

ой өрбіткенде қазақ болып туылып, ана тіліміз қазақ тілі болғанына ерекше қуанамын. Синонимдерге өте бай, қайталанбас тіліп тү сер алмас қылыштай өткір сөздердің иесі қазақ халқы. Көшіп - қонып жүрген ата - бабаларымыз жаугершілік заманда да осы бір дала заңын тіл құдіретінің арқасында жүргізіп, шешіп отырған. Қасиетті тіліп түсер қылыштай өткір ана тілімізді керкем қолдана отырып, қазақ билері үкім кесіп телі мен тентекті тезге салып отырған.

Атадан балаға мирас болып қалған ана тілімізді қастерлеп, құрметтеу біздің басты парызымыз. Ол үшін ана тілімізді шұбарламай, кірлетпей келер ұрпаққа таза, тұнық күйінде тапсырайық.

Мархабат ӘСЕТҚЫЗЫ,
Қопа ауылдық кітапханашысы

● МАМАН КЕҢЕСІ

СІБІР ЖАРАСЫ ҚАНДАЙ АУРУ?

Сібір жарасы халық арасында күйдіргі, түйнеме деп аталады. Бұл - аса қауіпті жұқпалы ауру, оның қоздырғышы - сібір жарасының таяқшасы (Bacillus anthracis). Сібір жарасының үш түрі бар: тері, өкпе және ішекте дамиды. Көбінесе тері жамылғысында пайда болады. Ал, өкпе мен ішекте сепсис түрінде өтуі сирек кездеседі. Сібір жарасының қоздырғышы қоршаған ортаға төзімді, ол топырақта ондаған жылдар бойы сақталады. Ауру жеке органды ғана емес, тұтас ағзаны да зақымдайды.

Сібір жарасының инкубациялық кезеңі - орташа есеппен алғанда 2 - 3 күн. Бірнеше сағаттан соң 8 - 14 тәулікке дейін ауытқуы мүмкін. Ауру тез басталады. Алғашқы сағатта науқастың дене температурасы 38 - 40 градусқа дейін күрт жоғарылайды, әлсіздік пайда болады.

Ауру қалай жұғады?

Бұл ауру адамға ауру жұққан жануардың терісінен, жүнінен немесе еттен жұғуы мүмкін.

Сібір жарасы адамға үй жануарлары ірі қара мал, қой, ешкі, түйе, шошқадан жұғады. Көбінесе адамдар бұл ауруды мал сойып, терісін өңдеп, сыпырғанда, бактерия түскен ауыз су, тамақты ішіп - жегенде жұқтырып алуы мүмкін. Сібір жарасы адамнан адамға жұқпайды.

Сонымен қатар, инфекция төмендегі жағдайларда таралады:

Ауру малға күтім жасау кезінде зақымдалған тері немесе шырышты қабықтар арқылы;

Ұшаны өңдеу, терісін алу және өлген малдың өлекесін көму кезінде;

Сібір жарасының симптомдары:

- бас ауруы; дене қызуының жоғары болуы; әлсіздік;

- тері зақымдалғанда ісіну мен қышуы;

- кеуденің ауыруы (өкпе); тұншығу (өкпе); қан аралас іш өту (ішек);

- іштің түйілуі (ішек); қан аралас құсу (ішек).

Сібір жарасынан қалай сақтануға болады



Ет пен ет өнімдерін тек өнімдердің сапасын бақылайтын жерлерден сатып алу;

Ет немесе кез келген мал шаруашылығы шикізатын өңдейтін және сататын жандар гигиеналық нормаларды сақтауға міндетті;

Мал күтімі кезінде ветеринарлық - санитарлық ережелерді сақтау;

Мал кенеттен ауырғанда немесе өлгенде міндетті түрде мал дәрігеріне хабарлау; Малға сібір жарасына қарсы екпе егу маңызды. Екпе сібір жарасы қоздырғышын жұқтыру қауіпі жоғары жандарға және малды сою, терісін сыпыру, олардан шикізатты дайындау, сақтау, тасымалдау, өңдеумен кәсіби айналысатын адамдарға да салынады.

ҚҰТЫРМА АУРУЫ - АСА ҚАУІПТІ ДЕРТ!

ҚҰТЫРМА - адамдар мен жануарларға ортақ жедел вирустық жұқпалы ауру, вакцинациясыз әрқашан өліммен аяқталады. Барлық сүтқоректілер, тіпті құстар құтырманы жұқтыруы мүмкін. Адамдар ауру жануарлардың тістеуінен немесе тырнауынан жұқтырады. Індеттің көзі - жабайы аңдар мен үй жануарлары. Бұл індет адамға, ауырған жануарлардың тістеуі, тырнауы және сілкейі арқылы жұғады. Індет жұқтырған сәттен аурудың алғашқы белгілерінің біліну мерзімі инкубациялық кезең деп аталады. Бұл кезең 10-нан 90 күнге дейін, сирек жағдайда 1 жылдан артық уақытқа созылады. Мұндай жағдайдың болуы әртүрлі себептерге байланысты: қай жерінен тістегеніне (тістелген жарақат бас пен қолда болса - инкубациялық мерзім қысқа, аяқта болса ұзақ); аурудың жасына байланысты (балаларда - инкубациялық мерзім қысқа,

ересектерде ұзақ). Алғашқы белгілеріне тоқтала кетсек: тістеген жеріндегі жазылып кеткен жара орны қайтадан қызарып қызады, солқылдап ауырады, қышиды, науқаста қорқыныш сезімі пайда болады, мазасы болмайды, ұйқысы бұзылады, дыбыс пен жарыққа тітіркену күшейеді, үреймен ашуандық пайда болады. Сондықтан үй жануарларынан немесе жабайы хайуандардан зардап шексеңіз, тістеген жерді сабындап жуып тазартып, міндетті түрде дәрігерге қаралыңыз. Тістеген хайуан ауру болған жағдайда, әр сағаттың өзі маңызды және дәрігер тағайындаған профилактикалық егу курсына толық алған жағдайда ғана өзіңізді бұл аурудан сақтайсыз. Құтыруға қарсы барлық медициналық көмек ақысыз көрсетіледі.

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық СЭББ басшысы.

Бақытты балалық шақ



"Сағакүрес орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 01 маусым Халықаралық балалар күніне орай 1-10 сынып оқушылар арасында "Бақытты балалық шақ" атты іс-шара ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, 01-10 маусым аралығында мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерінің 1 кезеңі 1,3 сынып оқушылар арасында тәрбиешілер Айгүл Мураталина мен Бақытгүл Керееваның ұйымдастыруымен 23 оқушылармен өте жақсы деңгейде өткізілді,

Әсемгүл АЛДАНБЕРЛИНА,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ЭКОЛОГИЯ ЖАСТАР КӨЗІМЕН:
Жетісуда бейнероликтер байқауы өтті

Кеше Жетісу облысында экологиялық мәселелерге арналған бейнероликтер байқауы өтті. Ауқымды шара облыстың барлық аудандары мен қалаларында бір мезгілде ұйымдастырылып, жастар ұйымдары мен білім беру мекемелерінің белсенді қатысуымен жоғары деңгейде өтті.

Байқау «Менің эко-күнім», «Табиғат тіл қатады», «Қоқыстан кейінгі өмір» атты үш бағыт бойынша жүргізілді. Қатысушылар экологиялық ойларын қысқаметражды бейнеформатта жеткізіп, әлеуметтік желілерге бейімделген, заманауи және креативті жұмыстар ұсынды.

Жас авторлар роликтерінде табиғатты қорғау, қалдықтарды қайта өңдеу, экологиялық мәдениет қалыптастыру сияқты өзекті тақырыптарды көтеріп, бейнебаяндарын тың идеялармен толықтырды. Байқау барысында ұсынылған жұмыстар сценарий сапасы, тақырыпты ашу деңгейі, шығармашылық көзқарас және техникалық орындалу тұрғысынан бағаланды.



Байқауда 1 орынды Ескелді ауданының командасы, 2 орынды Төкелі қаласының қатысушылары, 3 орынды Сарқан ауданының өкілдері иеленді.

Байқауға 11 команда қатысып, үздік шыққан үштікке алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Шараның негізгі мақсаты – жастардың экологиялық сауаттылығын арттыру, табиғатқа деген жауапкершілікті терең сезіндіру және экологиялық мәселелерге шығармашылық көзқарас қалыптастыру.

Бұл байқау Жетісу жастарының табиғатты аялауға деген белсенді көзқарасын байқатты. Мұндай бастамалар өңірде экологиялық мәдениеттің дамуына және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған қоғамдық белсенділіктің артуына ықпал ететіні сөзсіз.

● Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығымен бекітілген «Өкімшілік-аумақтық бірлік-терге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларының» 3 - тарауына сәйкес Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылының Есенқұл Маманұлы көшесі жанындағы екінші, үшінші және төртінші бұрылыстардағы жаңа көшелерге атау беру бойынша жергілікті қауымдастық кеңесімен бірлескен жиналыс өтті.

Қабылданған қаулы: Жансүгіров ауылының Есенқұл Маманұлы көшесі жанындағы екінші бұрылыстағы жаңа көшеге Сабырбаев Ақш Ғалымжанұлының атын беру туралы ұсыныс мақұлданды. Ұсынысты қолдап дауыс бергендер саны – 14 адам Қарсы, қалыс жоқ.

Есенқұл Маманұлы көшесі жанындағы үшінші бұрылыстағы жаңа көшеге Рызабеков Бостанның атын беру туралы ұсыныс мақұлданды. Ұсынысты қолдап дауыс бергендер саны - 17 адам Қарсы, қалыс жоқ.

Есенқұл Маманұлы көшесі жанындағы төртінші бұрылыстағы жаңа көшеге Андабаев Ахметқалидың атын беру туралы ұсыныс мақұлданды. Ұсынысты қолдап дауыс бергендер саны - 11 адам Қарсы, қалыс жоқ.

АҚСУ ауданында «АҚСУ ЖСК» ЖШС-ң ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті 2025 жылғы 18 шілдеде «Ақсу ЖСК» ЖШС-ң сарқынды суды бұру қызметіне тариф және тарифтік смета жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдау 2025 жылдың 18 шілдеде: сағат 16.00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгір ауылы, Қабанбай батыр көшесі 24.

«Ақсу ЖСК» ЖШС-ң тұтынушылары мен өзге де мүдделі тұлғалар Департаменттің Facebook әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасы арқылы онлайн режимде жария тыңдауға қатыса алатынын хабарлаймыз <https://www.facebook.com/profile.php?id=100086094575290>.

Анықтама үшін телефондар: Департамент – 8 (7282) 24-28-05.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 180 ЖЫЛ!

АБАЙ ДАНА, АБАЙ ДАРА-ҚАЗАҚТА!

Абай-ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер. Абай қазақтың әдебиетінде қайталанбас ұлы ойшыл, философ, ақын. Абай Шығыс пен Батыс мәдениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Алғашында білімін ауыл молдасынан ашқан жас Абай кейін Семейде оқуын жалғастырған. Жастайынан Шығыс поэзиясына қызығып, Шығыс ақындарына еліктеп өлең жазу бастады. Ұлы ақын өз шығармаларын біліммен өнерге арнаған. Абай 1885 жылда «жасымда ғылым бар деп ескермедім» - деп атаған тұңғыш шығармасын жазды. Осы өлең Абайдың ақындық жолының бастауы болды. Ақынның әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл



адамзаттың рухани қазынасы саналды.

Абайдың музыкалық мұрасы қазақтың ұлттық өнері тарихында ерекше орын алады. Абайдың әлемдік талантты халықтың негізде дамып, ақынның рухани жан дүниесі, әлемге көзқарасы оның лирикалық әндерінде айрықша көрсетілген. Абайдың «Көзімнің қарасы», «Не іздейсің көңілім», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Татьянаның хаты» және тағы басқа әндері арқылы халықтың ән шығармашылығына жаңа ырғақ, ана тілді көркемдік мәнді қолданудың жаңа қағидалары ендірілді. Абай халықтың музыка қорын ырғақтық ән өнерімен байыта отырып, жаңалық із салды.

Сымбат ДОСЫМХАН,
«Ақын Сара» атындағы мәдениет үйінің дыбыс операторы.

«JAS KENES SIYLIĞI» БАЙҚАУЫНА ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ЖАЛҒАСУДА

2025 жылдың 20 маусымынан 20 шілдесіне дейін «Jas Kenes Siylygi» байқауына өтінімдерді қабылдау жалғасып жатыр.

«Jas Kenes Siylygi» – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің бастамасымен 2024 жылы құрылған тәуелсіз жастар сыйлығы. Бұл сыйлық еліміздің экономикасы мен қоғамдық өміріндегі негізгі салаларда белсенді жас мамандарға табысталады.


Сыйлыққа Қазақстан Республикасының 35 жасқа толмаған (35 жас қоспай алғанда) азаматтары қатыса алады. Байқауға қатысуға өтінімді <https://www.jas-kenes.kz/application> сайтында беруге болады.

Конкурстық іріктеу 3 кезеңнен тұрады. Әр номинация бойынша 2 жеңімпаздан, барлығы 20 жеңімпаз анықталады. Байқаудың жүлде қоры – 20 миллион теңге (әр жеңімпазға 1 миллион теңгеден).

Өткен жылмен салыстырғанда биыл жас ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен дәрігерлер, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, креативті индустриялар және атом өнеркәсібі саласының өкілдері сияқты жаңа мамандықтар енгізілді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, биыл номинациялар саны 7-ден 10-ға дейін артқан:

- «Janqiarlyq» – ҚР ішкі істер органдары мен қарулы күштерінің қызметкерлеріне арналған;
- «Altyn жүрек» – орта және кіші медицина қызметкерлеріне (жедел жәрдем, акушер, санитар және т.б.) және дәрігерлерге арналған;
- «Operkäsir» – өңдеу өнеркәсібі, тау-кен-металлургия кешені және экономиканың басқа да өндірістік секторларында жұмыс істейтіндерге арналған;
- «Bolaşaq turaly qamqorlyq» – инклюзивті оқу орталықтарының қызметкерлеріне, арнайы қызмет көрсететін ұйымдарға, әлеуметтік қызмет көрсететін мекемелерге (балалар үйлері, хосписстер, қарттар үйлері, мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсету орталықтары және т.б.), сондай-ақ волонтерлерге арналған;
- «Bilim және Gylym» – мектепке дейінгі, орта,



ТЖКБ, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне, сонымен қатар ғалымдар, ғылыми қызметкерлер мен зерттеушілерге арналған;

- «Qaisar» – авариялық-құтқару қызметі, өрт сөндірушілер және азаматтық қорғаныс жүйесінің өзге де ұйымдарының қызметкерлеріне арналған;

- «Altyn qol» – сырлаушы, сантехник, құрылысшы және т.б. жұмысшы мамандықтарының өкілдеріне, сондай-ақ ПИК, МИБ және елді мекендердің тіршілігін қамтамасыз етуге жауапты ұйымдардың қызметкерлеріне арналған;

- «Zharyq» – энергетика саласының, атом өнеркәсібінің, мұнай-газ кәсіпорындарының қызметкерлеріне арналған;

- «Örken» – агроөнеркәсіп кешені, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және азық-түлік өнімдерін өндіру саласындағы мамандарға арналған;

- «Örleu» – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (оның ішінде жасанды интеллект, деректерді талдау және т.б.) және креативті индустриялар саласының қызметкерлеріне арналған.

Сыйлық пен Кеңестің қызметі туралы толық ақпаратты <https://www.jas-kenes.kz/> сайтынан біле аласыздар.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

«Jas Kenes Siylygi» байқауына өтінімдер қабылдау жалғасуда

В АКСУСКОМ РАЙОНЕ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ТОО «АКСУ ТВК»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по области Жетісу сообщает, что 18 июля 2025 года состоится публичное слушание по рассмотрению проекта тарифа и тарифной сметы ТОО «Ақсу ТВК» на услугу по отводу сточных вод по распределительным сетям.

Публичное слушание состоится 18 июля 2025 года: в 16.00 часов по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с.Жансугуров, ул.Кабанбай батыра 24.

Департамент приглашает на публичные слушания потребителей и иных заинтересованных лиц.

Потребители ТОО «Ақсу ТВК» и иные заинтересованные лица смогут принять участие на публичных слушаниях также в режиме онлайн на официальной странице Департамента в социальной сети Facebook: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100086094575290>.

Справки по телефонам: Департамент – 8(7282) 24-28-05

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күздік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2254

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 66750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.